

Бекітемін:

Мектеп директорының м.а.

Жунусова С.К.



«28» 08 2025ж.

2025-2026 оқу жылының

Гуманитарлық бағыт бойынша әдістемелік бірлестігінің

дәстүрлі мектепшілік іс-шараларының жоспары

ӘБ жетекшісі: Казиева С.У.

2025-2026 оқу жылына арналған
әлеуметтік-гуманитарлық цикл мұғалімдерінің
әдістемелік бірлестік жұмысының жоспары

І отырыс (тамыз) 28.08.25 Тақырыбы: «2025-2026 оқу жылындағы Әлеуметтік-гуманитарлық цикл мұғалімдерінің әдістемелік бірлестік жұмысының жоспары мен ұйымдастыруы» Мақсаты: оқу жылындағы пәндерді оқыту ерекшелігін талқылау оқу сапасын анықтайтын жалпы тәсілдерін белгілеу, мәселелер мен олардың шешу жолдарын сызу, ӘБ жұмыс қорытындысы нұсқауларын әзірлеу.			
№ р/с	Іс-шаралар	Жауаптылар	Қорытынды
1	Өткен 2024-2025 оқу жылының ӘБ жұмысын талдау	Казиева С.У.	Талдау
2	2025-2026 оқу жылына арналған ӘБ жұмысының жұмыс жоспарын бекіту	ӘБ мұғалімдері	Бекіту
3	Нұсқаулық – әдістемелік хатты зерттеу және талқылау.	ӘБ мұғалімдері	Талқылау
4	Оқу жоспары мен күнтізбелік-тақырыптық	ӘБ мұғалімдері	Бекіту

	жоспарлауды талқылау бекіту.		
5	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні онкүндігі Қараша	Жунусова С.К. Жексембина Д.Е.	Есеп беру
6	Тарих пәні онкүндігі Қаңтар	Кәрбай Н.М. Медиманова Ү.І.	Есеп беру
7	Орыс тілі мен әдебиеті пәні онкүндігі Ақпан	Сыздыков Д.К.	Есеп беру
8	Ағылшын тілі пәні онкүндігі Сәуір	Казиева С.Ү. Жексембина Д.Е.	Есеп беру

2 отырыс (қараша) 26.11.25

Тақырыбы: «Дарынды оқушылармен жұмысты жетілдіру және олимпиадалық дайындықты ұйымдастыру мәселелері»

Мақсаты: Дарынды оқушыларды анықтау, олармен жүйелі әрі тиімді жұмыс жүргізу, пәндік олимпиадаларға дайындық үдерісін жетілдіру арқылы оқушылардың ғылыми-шығармашылық қабілеттерін дамыту, жоғары нәтижеге бағытталған педагогикалық колдауды күшейту және мұғалімдердің кәсіби тәжірибесін арттыру.

1.	Дарынды оқушылармен жұмыс Дарынды оқушылармен жұмыс, олимпиадаға дайындық жұмыстарын жетілдіру жолдары. Мектепшілік олимпиадаларына арналған материалдарды талқылау және бекіту.	ӘБ жетекшісі мен пән мұғалімдері	Материалдарды бекіту
2.	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні онкүндігі 10-21 қараша	ӘБ жетекшісі мен пән мұғалімдері	Есеп беру
3.	Үлгерімі төмен балалар жұмысының формасы	ӘБ жетекшісі мен пән мұғалімдері	Есеп беру
3 отырыс (қаңтар) 2.09.25 Тақырыбы: «Әдістемелік жұмысты жетілдіру: пән онкүндіктерін ұйымдастыру және педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру» Мақсаты: Пән онкүндіктерін сапалы ұйымдастыру, әдістемелік құралдарды тиімді пайдалану және жаңартылған білім беру мазмұны аясында мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру арқылы оқу-тәрбие процесінің тиімділігін қамтамасыз ету.			
1.	Әдістемелік құрал, жариялауға таратуға ұсыну.	ӘБ жетекшісі	Жариялау
2.	Тарих пәні онкүндігі 12-23 қаңтар	ӘБ жетекшісі пән мұғалімдері	Есеп беру

3.	ӘБ жұмыс қорытындысын шығару.	ӘБ жетекшілері	Есеп беру
4	Келесі 2026-2027 о.ж. міндеттерін қою Келесі оқу жылына арналған ӘБ жұмыс жоспарын – жобасын талқылау	ӘБ жетекшілері және пән мұғалімдері	Жоспар тапсыру

ГБӘБ жетекшісі:  Казиева С.У.

Хатшы: Қарбай Н.М.

Гуманитарлық бағыт бойынша әдістемелік бірлестігі жұмысы отырысының

№1 хаттамасы

Өткізген уақыты: 28.08.2025 ж

Қатысканы: 6

Күн тәртібінде:

1. 2024-25 оқу жылының қорытындысы әдістеме жетекшісі Казиева С.У. сөйледі.
2. ӘБ –нің жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту
3. 2025-2026 о.ж. әдістемелік бірлестік жұмысының сараптамасы.
4. Нұсқаулық – әдістемелік хатты зерттеу және талқылау.
5. Тілдер онкүндігін талдау
6. Оқу бағдарламасының орындалуын тексеру

Тыңдалды:

Әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Казиева С.У. 2024-25 оқу жылының қорытындысы талқыланды.

Оқушылардың мәнерлі, сапалы оқуына көңіл бөлуіне пікір алысты.


Нұсқаулық – әдістемелік хатты зерттеу және талқылау.

5-18 қыркүйек аралығында өтетін Тілдер апталығының жоспарын талқылап бекіттік.

Шешімі:

1. Шығармашылық тапсырмаларды, диаграммаларды жұмыс барысында қолданылды.
2. Жоспарды негізге алып жұмыстарды тапсырды.
3. Осы шешімнің орындалуы әдістеме бірлестігінің жетекшісі Казиева С.У. жүктелсін.

ӘБ жетекшісі:  Казиева С.У.

Хатшы:  Кәрбай Н.М.

Гуманитарлық бағыт бойынша әдістемелік бірлестігі жұмысы отырысының

№2 хаттамасы

Өткізген уақыты: 29 .10.2025 ж

Қатысқаны: 6

Күн тәртібінде:

1. 1-ші жарты жылдық қорытындысы әдістеме жетекшісі Казиева С.У. сөйледі.
2. 2025-2026 о.ж. арналған жаңартылған педагогикалық технологияларды енгізу жағдайында оқытудың ерекшеліктері туралы Оқу бағдарламасының орындалуын тексеру
3. Оқу пәндері, оқу курстары бойынша ГӘБ мұғалімдерінің жұмыс бағдарламасын әзірлеу және бекіту
4. Қазақ тілі мен әдебиеті ашық сабақтар

Тыңдалды:

Әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Казиева С.У. 1-ші жарты жылдық қорытындысы туралы айтып өтті. Әр жазба жұмыстарының сараптамасы көрсетілді.


2025-2026 о.ж. арналған жаңартылған педагогикалық технологияларды енгізу жағдайында оқытудың ерекшеліктері туралы Оқу бағдарламасының орындалуын талқыланды.

Оқу пәндері, оқу курстары бойынша ГӘБ мұғалімдерінің жұмыс бағдарламасын әзірленді және бекітілді.

10 қарашадан 21 қарашаға дейін қазақ тілі мен әдебиеті пәндер онкүндігіне ашық сабақтарының тақырыптарын таңдап, талқыланып, бекітілді.

Шешімі:

1. Шығармашылық тапсырмаларды, диаграммаларды жұмыс барысында қолданылды.
2. Жоспарды негізге алып жұмыстарды тапсырды.
3. Осы шешімнің орындалуы әдістеме бірлестігінің жетекшісі Казиева С.У. жүктелсін.

ӘБ жетекшісі:  Казиева С.У.
Хатшы:  Кәрбай Н.М.

Гуманитарлық әдістемелік бірлестік отырысының

№ 3 Хаттамасы

Өткізілген күні: 6.01.2026ж

Өткізілген орны: Гранитный к.НОМ

Қатысқандар: ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері

Төраға: ӘБ жетекшісі Казиева С.У.

Хатшы: Кәрбай Н.М.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Әдістемелік құралдарды жариялауға ұсыну.
2. Тарих пәні онкүндігін өткізу (12–23 қаңтар).
3. Оқушылардың тілдік құзіреттілігін дамыту жолдары (шеберлік-класс). Қазақ тілі мұғалімі Жунусова С.К.
4. Тарих пәнін оқытуда ЖИ қолданудың тиімді жолдары. (баяндама)тарих мұғалімі Кәрбай Н.М.
5. Орыс тілі мен әдебиеті пәні онкүндігін өткізу (23 ақпан – 6 наурыз).

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

ӘБ жетекшісі әдістемелік құралдарды жинақтап, жариялауға ұсыну қажеттілігі туралы баяндады.

2-мәселе бойынша:

ӘБ жетекшісі мен тарих пәні мұғалімдері тарих пәні онкүндігін ұйымдастыру жоспарын таныстырды.

3-мәселе бойынша:

Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Жунусова С.К. «Оқушылардың тілдік құзіреттілігін дамыту жолдары» шеберлік-класс мазмұны бойынша баяндама жасады (презентация).

4-мәселе бойынша:

Қазақстан тарихы пәні мұғалімі Кәрбай Н.М. тарих сабағында тарихи тұлғалардың шығармашылығын оқытуда қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер туралы баяндады (презентация).

5-мәселе бойынша:

ӘБ жетекшілері мен пән мұғалімдері орыс тілі мен әдебиеті пәні онкүндігін өткізу мерзімі мен іс-шаралар жоспарын талқылады.

ШЕШІМІ:

1. Әдістемелік құралдарды жинақтап, белгіленген тәртіппен жариялауға ұсыну.
2. Тарих пәні онкүндігін (12–23 қаңтар) жоспарға сай жоғары деңгейде өткізу.
3. Қазақ тілі пәні бойынша шеберлік-класс материалдарын тәжірибеде қолдану.
4. Тарих сабақтарында ұсынылған әдіс-тәсілдерді оқу үдерісіне енгізу.
5. Орыс тілі мен әдебиеті пәні онкүндігін (23 ақпан – 6 наурыз) ұйымдастыру, қорытындысы бойынша есеп беру.

Төраға: Кази Казиева С.У.

Хатшы: Кард Кәрбай Н.М.

Гуманитарлық әдістемелік бірлестік отырысының

№ 4 Хаттамасы

Күні: 26.03.26

Тақырыбы: «Оқытуда ойын технологияларын тиімді қолдану және оқу құжаттамасын бақылау жұмыстарын жетілдіру»

Қатысқандар: Пән мұғалімдері, ӘБ жетекшілері.

Күн тәртібі:

1. Орыс тілі сабағында ойын технологияларын қолдану.
2. Ағылшын тілі сабағында қызықты ойындар ұйымдастыру.
3. Оқушылардың дәптерлері мен күнделіктерін тексеру.
4. Ағылшын тілі пәні онкүндігін ұйымдастыру.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Орыс тілі мұғалімі Сыздықов Д.К. денсаулығына байланысты жұмысы шегерілді.

2-мәселе бойынша:

Ағылшын тілі мұғалімі Казиева С.У. ағылшын сабағында қолданылатын қызықты ойындар туралы баяндама жасады. Сабақта рөлдік ойындар, сөздік қорды дамытуға арналған әдістер мен топтық жұмыстардың тиімділігі көрсетілді.

3-мәселе бойынша:

ӘБ жетекшілері мен пән мұғалімдері оқушылардың дәптерлері мен күнделіктерін тексеру нәтижелерімен таныстырды. Кейбір оқушылардың жазу мәдениеті мен күнделік толтыруында кемшіліктер бар екені айтылды.

4-мәселе бойынша:

Ағылшын тілі пәні онкүндігін өткізу жоспары қарастырылды. Онкүндік 6–17 сәуір аралығында өтетіні, түрлі ашық сабақтар мен іс-шаралар ұйымдастырылатыны хабарланды.

Қаулы:

1. Сабақ барысында ойын технологияларын тиімді қолдану тәжірибесі жалғастырылсын.
2. Ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың қызығушылығын арттыратын ойын элементтері жүйелі қолданылсын.
3. Оқушылардың дәптерлері мен күнделіктерін тексеру жұмыстары қатаң бақылауға алынсын.
4. Ағылшын тілі пәні онкүндігі жоспарға сәйкес ұйымдастырылып өткізілсін.

ӘБ жетекшісі: Казиева С.У.

Хатшы: Кәрбай Н.М.

Гуманитарлық әдістемелік бірлестік отырысының

№ 5 Хаттамасы

Күні: 13.05.26

Тақырыбы: «Гуманитарлық бағыт ӨБ жұмысының жылдық қорытынды жұмысы»

Қатысқандар: ӨБ жетекшілері және пән мұғалімдері.

Күн тәртібі:

1. Емтихан материалын талқылау және бекіту.
2. Мұғалімдер портфолиосы, жұмыс нәтижелерінің сараптамасы.
3. ӨБ жұмыс қорытындысын шығару.
4. Келесі 2026–2027 оқу жылының міндеттерін қою және ӨБ жұмыс жоспары жобасын талқылау.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

ӨБ жетекшілері мен пән мұғалімдері емтихан материалдарын қарап, талқылады. Тапсырмалардың оқу бағдарламасына сәйкестігі тексеріліп, материалдарды бекіту ұсынылды.

2-мәселе бойынша:

Мұғалімдердің портфолиолары қарастырылып, жыл бойындағы жұмыс нәтижелеріне сараптама жасалды. Портфолио презентациялары ұсынылып, мұғалімдердің жетістіктері мен кәсіби белсенділігі атап өтілді.

3-мәселе бойынша:

ӨБ жетекшілері әдістемелік бірлестіктің жылдық жұмысына қорытынды жасап, атқарылған жұмыстарға талдау жүргізді. Жыл бойындағы пән апталықтары, ашық сабақтар және тәрбие жұмыстарының нәтижелері талқыланды.

4-мәселе бойынша:

Келесі 2026–2027 оқу жылына арналған міндеттер мен ӨБ жұмыс жоспарының жобасы қарастырылды. Жаңа оқу жылында оқыту сапасын арттыру, цифрлық технологияларды тиімді пайдалану және мұғалімдердің кәсіби дамуын жетілдіру бағыттары ұсынылды.

Қаулы:

1. Емтихан материалдары бекітілсін.
2. Мұғалімдердің портфолиолары мен жұмыс нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.
3. ӘБ-нің жылдық жұмысы қорытындыланып, есеп беру қабылдансын.
4. 2026–2027 оқу жылына арналған ӘБ жұмыс жоспары толықтырылып, бекітуге ұсынылсын.

ӘБ жетекшісі: Казиева С.У.

Хатшы: Кәrbәй Н.М.

Гранитный к. НОМ

**Гуманитарлық бағыт бойынша
ӘБ жетекшілігі жұмысының 2025-2026 оқу жылының
жылдық есебі**

2025-2026 оқу жылы

Гуманитарлық бағыт бойынша ӘБ жетекшілігі жұмысының

2025-2026 оқу жылының жылдық есебі

5 қыркүйек «Тіл – халық қазынасы, ұлт шежіресі» атты онкүндіктің ашылу салтанатты саптүзеуі өтті. Оқушыларды онкүндіктің жоспарымен таныстырды.

Осы күні 5-9 сынып оқушыларға диктант өткізілді. Жауапты Жексембина Д.Е.




8 қыркүйек «Тілім - менің тірегім» атты 0-9 сыныптарда сынып жетекшілер сынып сағатын өткізді.



9 қыркүйек мектеп кітапханасында «Тіл - тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» атты тақырыбында көрме өткізілді.



10 қыркүйек «Тіл - алтын қазына» тақырыбына 5-9 сыныптар арасында қабырға газетін жасады оқушылар. Бұл жерде оқушылар өздерінің тілге деген көзқарасын қағаз бетіне аударып шығармашылықтарын дамытты.




11 қыркүйек «Путешествие по русскому языку» сайыс сабақ 5-6 «А» сынып оқушылары арасында.



12 қыркүйек «Алаш зиялылары» сыныптан тыс сабақ 8-9 А сыныптар арасында тарих пәні мұғалімі Кәрбай Н.М. өткізді. Сабақ жақсы өтті. Жас маман болғанымен де сабақты жоспарға сай өткізуге тырысты. Ұсыныстар берілді.



15 қыркүйек «Тіл білгірлері» сайысы үш тілде 5-9 сыныптар оқушылары өткізді.



16 қыркүйек күні сабақ арасында көңілді қоңыраулар өткізілді. Оған барлық сынып оқушылары белсене қатысты.



17 қыркүйек күні қазақ тілі мен ағылшын тілінде өлеңдер оқылып, әлеуметтік желіге салынды.



18 қыркүйек күні Тілдер күніне арналған апталықтың жабылуын оқушыларды марапаттаумен аяқталды.



ӘБ жұмыс жоспарына сәйкес 10 – 21 қараша аралығында «Қазақ тілі – ғажап тілі» тақырыбындағы қазақ тілі мен әдебиеті онкүндігі өткізілді. ӘБ мұғалімдерінің отырысында жоспары талқыланып, бекітілді.

Мақсаты: оқушылардың өз ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру, қазақ тілінің мәртебесін көтеру, ана тіліміздің тұғырының мықты болуына негіз қалаған бабаларымыздың өсиетін ұран ету.

10 қараша - «Қазақ тілі – газжап тілі» онкүндігінің ашылуының салтанатты саптүзеуі өтті.

11 қараша күні 5, 6, 8 сыныптар арасында **«Абай Құнанбаев өмірі мен шығармашылығы»** атты сыныптан тыс сағатын қазақ тілі мұғалімі Жунусова С.К. өткізді. Сыныптан тыс іс-шара Абайдың өмірбаянын таныстырудан басталды. Оқушылар ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқып, қара сөздерінен үзінділер келтірді. Сонымен қатар сахналық көріністер, викториналық сұрақтар, Абай әндерінен үзінділер орындалды. Әдеби кеш барысында оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен сөйлеу дағдылары дамыды

Іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Оқушылар белсенділік танытып, Абай шығармашылығына деген қызығушылықтарын көрсетті. Іс-шара өз мақсатына жетіп, тәрбиелік маңызға ие болды.

12 қарашада қазақ тілі мұғалімі Жунусова С.К. қазақ әдебиетінен ашық сабақ өткізді. Мұрат Мөңкеұлының **«Үш қиян»** толғауы-тілі көркем толға.

Сабақ жаңартылған білім мазмұнына сай құрылып, кіріспеді Мұрат ақынның өмірбаяны таныстырылды. Негізгі бөлімде оның **«Үш қиян»**, **«Сарыарқа»** сияқты шығармаларынан үзінділер оқылып, мазмұндық, көркемдік талдау жасалды. Сабақта интербелсенді әдістер қолданылып, оқушылар жеке жұмыс түрінде тапсырмалар орындады. Презентация, бейнематериалдар қолданылды. Оқушылар ақын шығармаларын терең түсініп, сыни ойлау дағдыларын көрсетті. Тапсырмаларға белсене қатысып, өз ойларын еркін жеткізе алды. Сабақ мақсатына толық жетті. Ашық сабақ жоғары деңгейде өтті. Танымдық және тәрбиелік мәні зор болды. Мұғалім сабақты әдістемелік тұрғыдан сауатты ұйымдастырып, оқушылармен жақсы жұмыс жүргізді.

13 қараша **«Мектептегі өмір»** қазақ тілінен 2б сыныбында ашық сабақты пән мұғалімі Жексембина Д.Е. өткізді. Сабақ жаңартылған білім мазмұнына сай құрылды. Мұғалім оқушылардың жас ерекшелігіне сай түрлі әдіс-тәсілдерді (суретпен жұмыс, сұрақ-жауап, сергіту сәті) тиімді қолданды. Оқушылар белсенді қатысып, мектеп өмірі жайлы әңгімелеп, сөйлем құрау, жаңа сөздермен жұмыс тапсырмаларын орындады.

14 қараша 9 қазақ сыныбында **«Махамбет Өтемісұлы өмірі мен шығармашылығы»** атты қазақ әдебиеттен пән мұғалімі Жексембина Д.Е. өткізді. Сабақ құрылымы тиімді ұйымдастырылып, кіріспе бөлімінде оқушыларға Махамбеттің өмірбаяны таныстырылды. Негізгі бөлімде ақын өлеңдерінің тақырыбы, идеясы, көркемдік тілі талданды. Интерактивті

әдістер мен презентация қолданылды. Оқушылар жеке және топпен жұмыс жасады, өлеңдерден үзінділер оқып, пікірлерін білдірді. Оқушылар сабаққа қызығушылықпен қатысып, белсенділік танытты.

17 қараша күні барлық 0–9 сыныптарда қазақ тілі апталығы аясында сынып сағаттары ұйымдастырылды. Сынып жетекшілер өз сыныптарының жас ерекшеліктеріне сай түрлі форматта (топтық жұмыс, бейнеролик, сұрақ-жауап, пікірталас) сабақтар өткізді. Сынып сағаттарында оқушылар қазақ тілінің маңызы, оның сақталуы мен дамуы туралы ой бөлісіп, мақал-мәтелдер айтып, тақырыпқа байланысты тапсырмалар орындады. Іс-шара оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын оятып, ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттырды.


20 қараша Қазақ тілі мен әдебиеті апталығы аясында 5–9 сыныптар арасында «Көңілді қоңырау» атты сергіту іс-шарасы ұйымдастырылды. Үзіліс уақытында мектептің дәліздерінде түрлі ойындар, викториналар, жұмбақ шешу, мақал-мәтел сайыстары өткізілді. Оқушылар музыкалық сүйемелдеумен би билеп, логикалық сұрақтарға жауап беріп, өз өнерлерін көрсетті. Әр сынып оқушылары белсенділік танытып, қоңырау уақытын көтеріңкі көңіл-күймен өткізді.

Қазақ тілі мен әдебиеті онкүндігі жоғары деңгейде ұйымдастырылып, белгіленген жоспар толық орындалды. Іс-шаралар оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік берді. Қатысушылар белсенділік танытып, пәннің маңыздылығын тереңірек түсінді.

15 желтоқсанда Қазақстан республикасының Тәуелсіздік күні аясында мектеп ішілік жоспары бойынша қазақ тілі мұғалімдері Жунусова С.К. мен Жексембина Д.Е. «Жасанды интелект» тақырыбы бойынша пікір сайыс турнирін өткізді. Оған 9 сынып оқушылары белсене қатысты. Оқушылар «*Үкімет*» пен «*Оппозиция*» жаөтарыға бөлініп ортаға өздерінің ой пікірлерін салды. Оқушылар өздерін жан жақты ойлау қабілеттерін көрсетіп ойлайтынын дәлелдеді. Осындай пікір сайыс алаңы оқушыларға ой өрісін дамытуға зор үлесін қосатынын көрсетті.

22 желтоқсанда дәл осындай пікір сайыс турниры орыс сыныбына тарих пәні маманы Кәрбай Н.М. «Жасанды интелект» тақырыбы бойынша пікір сайыс турнирін өткізді. Оған 7-8 сынып оқушылары белсене қатысты. Оқушылар «*Үкімет*» пен «*Оппозиция*» жақтарға бөлініп ортаға өздерінің ой пікірлерін салды. Оқушылар өздерін жан жақты ойлау қабілеттерін көрсетіп

ойлайтынын дәлелдеді. Осындай пікір сайыс алаңы оқушыларға ой өрісін дамытуға зор үлесін қосаы деп сенеміз.



12.01–23.01.2026 ж. «Менің Қазақстаным – кеше, бүгін, ертең» тарих апталығы бойынша атап айтсақ,

Апталықтың мақсаты: Оқушылардың тарих пәніне қызығушылығын арттыру, тарихи білімдерін тереңдету, өткенге құрметпен қарауға тәрбиелеу, отансүйгіштік пен ұлттық құндылықтарды қалыптастыру.

Апталықтың ашылуы: 12 қаңтар күні «Менің Қазақстаным – кеше, бүгін, ертең» атты тарих апталығының ашылуы өтті. Апталықтың мақсаты мен жоспарымен оқушылар таныстырылды.

Өткізілген іс-шаралар:

13.01.2026 ж. 9А сыныбында Қазақстан тарихынан ашық сабақ өткізілді. Сабақта оқушылар белсенділік танытып, тарихи деректермен жұмыс жасады.

14–15.01.2026 ж. 7Б сыныбында дүниежүзі тарихынан ашық сабақтар өткізілді. Сабақтар зерттеушілік бағытта ұйымдастырылып, оқушылардың сыни ойлау қабілеттері дамытылды



16.01.2026 ж. 7–8 сыныптар арасында «Заң и порядок» тақырыбында дебат өтті. Оқушылар өз ойларын дәлелдеп, пікірталас мәдениетін көрсетті.

19.01.2026 ж. «Знатоки истории»



«Жас тарихшылар», «Менің Қазақстаным – кеше, бүгін, ертең» атты сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастырылды.



20.01. 2026 ж. «Жас тарихшылар» сыныптан тыс іс шара өтті.



22.01.2026 ж. 8Б сыныбында дүниежүзі тарихынан ашық сабақ өткізілді.



23.01.2026 ж. тарих апталығының жабылуы өтті, белсенді қатысқан оқушылар марапатталды.

Қорыта келгенде, тарих апталығы жоспарға сай жоғары деңгейде өткізілді. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артты, белсенділік танытқан оқушылар анықталды. Қойылған мақсаттар толық орындалды.

Келесі ұсыныстар айтуға болады: Тарих апталығының қорытындысы бойынша оқушылардың пәнге деген қызығушылығының артқаны, белсенділігі мен шығармашылық қабілеттерінің дамығаны байқалды. Осыған байланысты алдағы уақытта тарих апталығын ұйымдастыру барысында интерактивті әдістерді кеңінен қолдану, тарихи деректермен жұмыс жасауға бағытталған зерттеу тапсырмаларын көбейту, сондай-ақ пән мұғалімдері арасындағы тәжірибе алмасу шараларын жүйелі түрде өткізу ұсынылады.

«Journey into English space» атты ағылшын тілі пәнінің 06.04–17.04.26 ж. аралығында жоспарға сәйкес толық көлемде өткізілді. Апталықтың негізгі мақсаты – оқушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттыру, тілдік дағдыларын жан-жақты дамыту, күнделікті өмірде қолдану дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру және өзге елдердің мәдениетімен таныстыру болды.

Апталықтың ашылуы 06.04 күні «Journey into English space» атты онкүндіктің ашылу салтанатымен басталып, 1–9 сынып оқушыларын қамтыды. Сол күні 5–9 сыныптар арасында «Why do I learn English» тақырыбында қабырға газеттері шығарылып, оқушылардың тіл үйренуге деген мотивациясы арттырылды.



07.04 күні 3–8 сыныптар арасында «English Karaoke» көңілді кеші ұйымдастырылып, оқушылар ағылшын тіліндегі әндерді орындау арқылы сөйлеу және тыңдалым дағдыларын дамытты.



08.04 күні 8 «А» сыныбында «Healthy food» тақырыбында ашық сабақ өткізіліп, оқушылардың сөздік қоры мен коммуникативтік қабілеттері нығайтылды.



09.04 күні 3–6 сыныптар арасында «Funny breaks» атты сергіту сәттері өткізілді.



10.04 күні 7 «Б» сыныбында «Food for sport» тақырыбында ашық сабақ ұйымдастырылып, оқушылардың оқу және түсіну дағдылары жетілдірілді.



13.04 күні 5–8 «А» сыныптары арасында «Do you know English?» сыныптан тыс іс-шарасы өткізіліп, білім сайысы форматында өтті.



14.04 күні 5–7 «Б» сыныптары үшін «English land» іс-шарасы ұйымдастырылып, тілдік ойындар арқылы қызығушылықтары арттырылды.

15.04 күні 3–4 сыныптар арасында «My favourite poems» тақырыбында өлең оқу байқауы өткізіліп, оқушылардың мәнерлеп оқу қабілеті дамытылды. 16.04 күні 5–8 сыныптар арасында «Movie time» іс-шарасы өткізіліп, ағылшын тіліндегі бейнематериалдар арқылы тыңдалым және түсіну дағдылары жетілдірілді.



17.04 күні апталықтың жабылу салтанаты өткізіліп, белсенді қатысқан оқушылар марапатталды.

Апталық бойынша айтатын ұсыныстар: келесі апталықтарда оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған дебат, пікірталас сияқты іс-шараларды көбірек енгізу; ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бейнесабақтар, онлайн ойындар) кеңінен пайдалану; жоғары сынып оқушыларын төменгі сыныптарға тәлімгер ретінде тартып, бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру; ағылшын тілінде күнделікті қарым-қатынас жасау ортасын (Speaking club) тұрақты түрде ұйымдастыру; қорытындылай келе, өткізілген іс-шаралар жоспарға сай жүзеге асырылды. Оқушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығы артып, тілдік дағдылары мен шығармашылық белсенділігі жоғарылады. Апталық өз мақсатына жетті деп есептеледі.

Қорытындылап айтқанда, 2025–2026 оқу жылында гуманитарлық пәндер әдістемелік бірлестігі жоспарға сәйкес жүйелі жұмыс жүргізді. Оқу жылы барысында мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру, білім сапасын көтеру, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын дамыту бағытында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды.

ӘБ мұғалімдері жаңартылған білім беру мазмұны талаптарына сай заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді қолданып, ашық сабақтар, семинарлар, пән апталықтары мен сыныптан тыс жұмыстар өткізді. Оқушылар пәндік олимпиадаларға, байқаулар мен ғылыми жобаларға белсенді қатысып, нәтижелі көрсеткіштерге қол жеткізді.

Жыл бойы мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуы, әдістемелік көмек көрсету, құжаттарды зерделеу және білім сапасына мониторинг жүргізу жұмыстары жүзеге асырылды. Сонымен қатар, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге ерекше көңіл бөлінді.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде гуманитарлық пәндер бойынша білім сапасының тұрақтылығы сақталып, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі артты. Алдағы оқу жылында білім сапасын одан әрі көтеру, цифрлық технологияларды тиімді пайдалану және дарынды оқушылармен жұмысты жетілдіру негізгі міндеттердің бірі болып қала береді.